



**БІРТҰТАС ТӘРБИЕ  
БАҒДАРЛАМАСЫ**





**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан Адал азамат» атты екінші отырысында сөйлеген сөзінен үзінді**

...Біз ұлттық бірегейлігімізді нығайтуымыз қажет.

Ұлтымыздың бірегейлігі бұл – оның табысты болуы деген сөз.

Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек. Ұлттың жаңа болмысы білім, ғылым және мәдениет саласын дамыту арқылы қалыптасады. Осы үш бағытты рухани даму саласындағы жұмыстың мызғымас ұштағаны деуге болады.

Біз ұрпақ тәрбиесіне баса мән беріп, жастарды жақсылыққа жетелеуіміз керек.

Мемлекеттің ең басты байлығы – адам, яғни азаматтар. Әрбір ата-ана саналы ұрпақ өсіруге баса мән беруге тиіс. Сол сияқты мектеп те – білімнің ғана емес, тәлім-тәрбиенің ордасы. Баланың бойына біліммен қатар адамгершілік құндылықтарды сіңіру – ұстаздың міндеті. Осыған орай балабақшадағы және мектептегі тәрбие ісіне бәріміз қоғам болып мән беруіміз керек, сондай-ақ белсене атсалысуымыз қажет. Балалар арасында жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды дәріптеген абзал. Оқушылар мектеп бітіргенде, ең алдымен, адал азамат болып шығуы керек.

Отаншылдық бұл – шынайы патриоттық сезім.

Тұратын үйінді, ауланды, қаланды таза ұстау, қоғамдық орындарды бүлдірмеу, ұқыпты болу, яғни әр жерге қоқыс лақтырмау, түкірмеу деген сөз. Отанын шын сүйетін адам оның табиғатын қорғайды, әр гүліне, әр ағашына жанашырлықпен қарайды, бір сөзбен айтқанда, нағыз патриот екенін нақты іс- әрекетімен көрсетеді.

Мен еріктілер туралы үнемі айтып жүрмін. Себебі еріктілер – ең алдымен, патриот жандар. Сонымен бірге балаларға экологиялық тәрбие беру маңызды.. Мәдени мұраларымызды танып-білуге, қорғауға дағдыландыру керек.

Оқушылар театрға, мұражайға және тарихи орындарға жиі барып, рухани жағынан дамуы қажет.

Мен ұрпақты еңбекқорлыққа, бизнес жүргізу шеберлігіне баулу мәселесі жөнінде үнемі айтып жүрмін. Қажетсіз мамандық болмайды, біліксіз маман болады. Кәсібін толық меңгерген адам қашанда сұранысқа ие болады.

Жас ұрпақтың, әсіресе, қазіргі құбылмалы заманда сыни тұрғыдан ойлай білуі маңызды.

Балаларымыздың танымы кең болуына жағдай жасауымыз қажет.

Мектепте оқушылардың тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етуіміз қажет. Жастар уақытын дұрыс пайдалануды, қаржы сауаттылығын мектеп қабырғасынан біле бастауы қажет.

Өскелең ұрпақты түрлі ойындарға құмар болудан сақтандыру керек.

Ұлт саулығына зиянын тигізетін тағы бір кесел – вейп және түрлі электронды темекілер. Осы қауіпті үрдіспен күресу үшін жүйелі және шұғыл шаралар қабылдау қажет. Жастардың құқықтық сауатын арттыру аса маңызды.

# ТӘРБИЕ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ



## АШЫҚ ТӘРБИЕ САҒАТТАРЫ





## РӘМІЗДЕР МАҚТАНЫШЫМ



# Жемқорлық-індет, күресу-міндет



## МӘДЕНИ ШАРАЛАР





**I.Есенберлин атындағы №15 жалпы білім беретін орта мектебі бойынша  
Қамқоршылық кеңесінің мүшелері туралы мәлімет  
2023-2024 оқу жылы**

| №  | Аты-жөні                            | Лауазымы                         | Атқаратын қызметі | Телефоны    |
|----|-------------------------------------|----------------------------------|-------------------|-------------|
| 1  | Джамангарина Гулнур Саматовна       | Жеке кәсіпкер, 10 сынып ата-ана  | кеңес төрайымы    | 87026230185 |
| 2  | Исламғалиева Майра                  | Ардагер ұстаз                    | кеңес мүшесі      | 87051477401 |
| 3  | Байлиева Райса Уразбековна          | Ақтөбе қалалық маслихат депутаты | кеңес мүшесі      | 87014704293 |
| 4  | Тайшыбаев Аслан Қалдыбайұлы         | Ішкі істер бөлімі                | кеңес мүшесі      | 87058194912 |
| 5  | Халидолла Асель Куспанғалиқызы      | 1 сынып ата-ана                  | кеңес мүшесі      | 87086513135 |
| 6  | Карашулакова Зайда Ахметсановна     | 2 сынып ата-ана                  | кеңес мүшесі      | 87021054286 |
| 7  | Жанетолла Ералы Жақсылықұлы         | 3 сынып ата-ана                  | кеңес мүшесі      | 87779285286 |
| 8  | Длимбетова Кульжахира Бакбергеновна | 4 сынып ата-ана                  | кеңес мүшесі      | 87013601031 |
| 9  | Кенжеғалиева Күләнда Темиргалиевна  | 5 сынып ата-ана                  | кеңес мүшесі      | 87754491555 |
| 10 | Азырова Эльмира Агламовна           | 6 сынып ата-ана                  | кеңес мүшесі      | 87474051043 |
| 11 | Қаражігітова Алтын Жолтаевна        | 7 сынып ата-ана                  | кеңес мүшесі      | 87710168058 |
| 12 | Жолдыбай Серік                      | 8 сынып ата-ана                  | кеңес мүшесі      | 87058181706 |
| 13 | Тоқсанбаева Айнагүл Самигуллаевна   | 9 сынып ата-ана                  | кеңес мүшесі      | 87088637890 |
| 14 | Ажбаганбетова Людмила               | 10 сынып ата-ана                 | кеңес мүшесі      | 87779285359 |
| 15 | Досова Гүлнар Мубарак               | 11 сынып ата-ана                 | кеңес мүшесі      | 87025574697 |
| 16 | Хасенова Назкен Қынабайқызы         | 11 сынып ата-ана                 | кеңес мүшесі      | 87767954646 |
| 17 | Ещанов Арсен Мухамбетович           | Мектеп президенті                | кеңес мүшесі      | 87785510780 |





## БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА АТА-АНАЛАРДЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

**Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы –**  
*ата-аналар қауымын, отбасын нығайтуға, отбасылық және қоғамдық тәрбие байланысына мүдделі әкімшілік және педагогикалық қызметкерлерді біріктіреді және балалардың заңды өкілдерінің құзыреттерін қалыптастыруға бағытталған, білім алушыларды тәрбиелеу, дамыту және оларға білім беру мәселелерін тиімді шешуге мүмкіндік береді.*

**Мақсаты:** балаларды оқыту және тәрбиелеу мәселесі бойынша мектептің ата-аналармен қарым-қатынасын күшейту, сондай-ақ берекелі отбасы мәдениетін дамыту

**Міндеттері:**

- ❑ 1) балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін ата-аналардың педагогикалық мәдениетін, психологиялық және әлеуметтік құзыреттерін дамытуда ата-аналарға жүйелі педагогикалық қолдауды ұйымдастыру;
- ❑ 2) балаларды тәрбиелеу мен дамытуда орта білім беру ұйымы мен отбасы арасындағы өзара іс-қимылды нығайту;
- ❑ 3) балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата-аналардың жауапкершілігін арттыру.



## 1-4 СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ АТА-АНАСЫНА АРНАЛҒАН САБАҚТАРДЫҢ МАЗМҰНЫ

Отбасы - бақыт бесігі

Ата-ана өмірінің жобасы – бақытты адам

Білімдіге дүние жарық. Біліп, тану  
қуанышы: сүйсініп оқимыз

Әрбір бала – жарық жұлдыз: оны қалай  
ашамыз

Баланы жастан... Баланың білімдарлығы  
мен ептілігін қалай дамытамыз

Ойынға тәуелділікті қалай жеңуге болады?

Сенім арту - жетістік кепілі

Қиын жағдайда баланы қалай демейміз

Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз  
өсер

Үлгі болу арқылы тәрбиелеу

Тәлімменен өрілген біздің дәстүр  
Дәстүрлер отбасылық саламаттықтың  
негізі ретінде

## 5-9 СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ АТА-АНАЛАРЫНА АРНАЛҒАН САБАҚТАРДЫҢ МАЗМҰНЫ

Баланың бас ұстазы – ата-ана.

Позитивті ата-ана болу: тыңдау, есту, естірте  
білу

Ақыл айтпа, жол көрсет.

Оқудың жаңа шарттары: бала бейімделуден  
қалай өтеді

Балаға үйрету: ақылыңды мейірімге орап  
бер

Өз балаңның жүрегіне кілт табу

Бұлақ көрсең, көзін аш.

Шығармашыл тұлғаны өсіру

Ақпараттан ақ-қараны ажырату өнері.

Интернеттегі бала: ортақ шешімге келу

«Әр нәрсенің өлшемі бар...»

«Керек» пен «қалаймын» арасындағы тепе-  
теңдікті ұстап тұру

Жасөспірімдермен қарым-қатынас  
құпиялары.

Отбасы құндылығы - сарқылмас қазына

## 10-11 СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ АТА-АНАЛАРЫНА АРНАЛҒАН САБАҚТАРДЫҢ МАЗМҰНЫ

Боламын деген баланың бетін қақпа, белін бу...

Тұлға – адамгершілік құндылықтар негізіндегі  
өзін-өзі дамыту нәтижесі ретінде

Көркем мінез – баға жетпес байлық.

Эмоционалдық интеллект – табысты тұлғаның  
негізі

Сен жанбасаң лапылдап...

Балаға өз қалауын табуға қалай көмектесеміз

Құмарлыққа бой алдыру – тәуелділік құрдымы  
Жоғары сынып оқушыларының қауіп-қатер  
аймақтары

Әлеуметтік желілер және интернет-кеңістігі:  
жоғары сынып оқушыларының қауіпсіз мінез-  
құлқы

Күйзелістен шығар жол

Сүйіспеншілік – сыйластық кілті

Атадан өсиет, анадан қасиет. Отбасы  
дәстүрлері мен құндылықтары



## **ЖОБА ТАҚЫРЫБЫ:**

**«Мамандық таңдау –  
экономикалық өсуге мүмкіндік»**

## **ЖОБА МАҚСАТЫ:**

Оқушыларға кәсіби бағдар бере  
отырып, кәсіби қызметке деген  
көзқарастарын қалыптастыру,  
мамандық таңдауға көмектесу.

Бекітемін  
 І.Есенберлин атындағы №15 орта  
 мектеп директоры Байниязова Н.Ж.  
 « 01 » 09 2023ж

**2023-2024 оқу жылындағы оқушыларға кәсіптік бағдар беру аясында  
 өткізілетін жылдық жұмыс жоспары.**


| №                                                     | Іс-шараның атауы                                                                                                                                | Класы | Мерзімі  | Жауаптылар                            |
|-------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------|----------|---------------------------------------|
| <b>Кәсіби бағдар беру аясында ұстаздармен жұмыс</b>   |                                                                                                                                                 |       |          |                                       |
| 1.                                                    | Кәсіби бағдар жұмыстарын ұйымдастыру                                                                                                            | 7-11  | тамыз    | ДТІЖО                                 |
| 2.                                                    | Ұжымға келешекте дамитын жаңа мамандықтар туралы ақпарат беру.                                                                                  | 7-11  | қыркүйек | ДТІЖО                                 |
| 3.                                                    | Оқушылардың жеке қасиеттері мен қабілеттерін зерттеу.                                                                                           | 7-11  | Жыл бойы | Мектеп психологтары                   |
| <b>Кәсіби бағдар беру аясында ата-аналармен жұмыс</b> |                                                                                                                                                 |       |          |                                       |
| 4.                                                    | Кәсіби бағдар мазмұны мен мәні                                                                                                                  | 7-11  | Жыл бойы | Мектеп әкімшілігі, класс жетекшілер   |
| 5.                                                    | «Мамандық таңдаудағы менің көмегім» ата-аналарға дөңгелек үстел.                                                                                | 9-11  | Жыл бойы | ДТІЖО<br>класс жетекшілер, ата аналар |
| 6.                                                    | «Мамандықтар әлемі» 10 күндігі (ашық есік күндер, 1-11 кл класс сағаттары, 1-4 кл сурет көрмесі, 5-6 кл эссе жазу, 7-11 кл кездесулер, семинар) | 1-11  | қаңтар   | ДТІЖО<br>класс жетекшілер, ата аналар |
| 7.                                                    | Vuka әлемі және сілтемелермен таныстыру.                                                                                                        | 7-11  | ақпан    | ДТІЖО<br>класс жетекшілер,            |

|                                                     |                                                                           |      |          |                           |
|-----------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------|------|----------|---------------------------|
|                                                     |                                                                           |      |          | ата аналар                |
| <b>Кәсіби бағдар беру аясында оқушылармен жұмыс</b> |                                                                           |      |          |                           |
| 8.                                                  | Жаңа мамандықтар атласы бойынша ақпараттық жұмыс                          | 7-11 | Жыл бойы | ДТІЖО<br>класс жетекшілер |
| 9.                                                  | Адамдардың өміріндегі жұмыс пен еңбектің маңыздылығы туралы ақпарат беру. | 7-11 | наурыз   | ДТІЖО<br>класс жетекшілер |
| 10.                                                 | XXI ғасыр болашақта сұранысқа ие болатын мамандықтар                      | 7-11 | сәуір    | ДТІЖО<br>класс жетекшілер |
| 11.                                                 | Қорытынды.                                                                |      | мамыр    | ДТІЖО                     |

Орындаған: ДТІЖО Карагулова С.Н.


## Кәсіби бағдар бойынша экскурсия





## Ата-аналардың қатысуымен мектепшілік кезекшілігі





## АТА-АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫ



## ЖАЛПЫ АТА АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫ



***Кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасындағы қылмыс  
бойынша көрсеткіш***

|                                 | <b>ҚІБ тіркеуде<br/>тұрған<br/>оқушылар<br/>саны</b> | <b>Әкімшілік<br/>жауапкершілікке<br/>тартылған<br/>оқушылар саны</b> | <b>Мектепішілік<br/>«Тәуекел» тізімінде<br/>тіркеуде тұрған<br/>оқушылар саны</b> | <b>Қылмыстық<br/>жауапкершілікке<br/>тартылған оқушылар<br/>саны</b> |
|---------------------------------|------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------|
| <b>2021-2022 о.ж.</b>           | <b>0</b>                                             | <b>0</b>                                                             | <b>6</b>                                                                          | <b>0</b>                                                             |
| <b>2022-2023 о.қ.</b>           | <b>0</b>                                             | <b>0</b>                                                             | <b>5</b>                                                                          | <b>0</b>                                                             |
| <b>2023-2024 о.ж.<br/>I ж/ж</b> | <b>0</b>                                             | <b>0</b>                                                             | <b>3</b>                                                                          | <b>0</b>                                                             |

# Құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша оқушылармен жүргізілген жұмыстар

2023-2024 оқу жылының басында №15 орта мектеп әкімшілігі ҚПБ-н бірлескен жұмыс жоспары жасалды .

Бірлескен жоспарға сәйкес оқу жылының I тоқсанында төмендегідей жұмыстар жүргізілді:

1. 2023-2024 оқу жылындағы мектептің ҚПББ біріккен жұмыс жоспарын негізге ала отырып бекіту.
2. Қалалық, мектепшілік есепке алынған оқушылар мен «Тәуекел» тобына енгізілетін оқушыларды анықтап, тізімін жасақтау. Өгей әке, өгей шешемен тұратын оқушылар туралы мәліметтер анықталып, әлеуметтік жағдайына зерттеу жүргізілді.
3. Мектепшілік тәрбие жұмысының жоспарына сай қыркүйек айындағы ата-аналар жиналысы «Бала өмірінің қауіпсіздігі» тақырыбында өткізілді.
4. Мектебімізде жалпы ата аналар жиналысы өтті. Жиналысқа мектеп басшысы Байниязова Нүргүл Жолмырзақызы, қамқоршылық кеңестің төрайымы Джамангарина Гүлнұр Саматовна, #3, ҚПБ кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі учаскелік мектеп инспекторлары Каримсакова Гүлзат Жеңісқызы, Омарова Алмагүл, даярлық топтың, 1-11 кластың ата аналары қатысты. Жиналыста қаралған мәселелер: Мектептің ішкі тәртіп ережесімен таныстыру, жас өспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу. Буллинг. Баланы қалай қорғаймыз мәселелері қарастырылды.
5. 2023 жылы 1 қыркүйек күні Ақтөбе станциясындағы Желілік полиция бөлімінің бастығының міндетін атқарушы полиция полковникі Е. Т. Есалин, Әкімшілік полиция бөлімшесінің инспекторы полиция лейтенант А.Қ. Тойманов және <ӘТЖК> ЖШС Ақтөбе филиалының жедел әрекет ету оңтайлы тобының бастығы С. Қ. Кауменовпен <Темір жол аса қауіпті аймақ > тақырыбына дәрістер оқу арқылы түсіндірме жұмыстары жүргізілді.



**Қалалық Ішкі Істер басқармасы мамандарымен кездесу**

6. 11 қыркүйек күні 2023 жылы құқық бұзушылықты болдырмау мақсатында бүгін мектеп инспекторы Каримсакова Гүлзат Жеңісқызы 9-10-11 класс оқушыларына мектептің ішкі тәртіп ережесін сақтау, жат қылықтардан аулақ болу, бопсалаушылыққа жол бермеу, кешкі мезгілде көшеде себепсіз жүрмеу, қоғамдық жерде өзін жақсы ұстау туралы оқушыларға профилактикалық түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

7. 27 қыркүйек күні 2023 жылы мектебімізде әдеп қағидаларын меңгерте отырып, зиянды әдеттерден бойын аулақ ұстауға шықыру, салауатты өмір салтын ұстануға дағдыландыру мақсатында “Денсаулық - баға жетпес құндылық” тақырыбында АО КДЦ психологы Сатаева Әсел Канибаевна мен ЖИТС орталығының маманы Матаева Меруерт Қанатқызы және 9-10-11 класс оқушыларына құқықбұзушылықтың алдын алуына байланысты мектептің ішкі тәртіп ережесі, буллингтің алдын алу, қоғамдық жерде өзін ұстау, әдеп, тәртіпті сақтау туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізу мақсатында Ақтөбе қаласы ІІБ Алматы ауданы №3 ҚПБ кәмелетке толағандар жөніндегі учаскелік мектеп инспекторлары Г.Ж.Каримсакова, А.К.Омарова, Ж.Б.Абдуллаеваның қатысуымен кездесу өтті. Кездесу барысында оқушыларды жаман әдеттерден сақтандыру, ішімдік пен темекінің соның ішінде электронды темекінің жас организмге зиянды екенін түсіндіріп, АИТВ жұқпасының алдын алуы, өзге де өзекті мәселелер туралы айтыылып, слайд арқылы ақпарат беріліп, видео көрсетілді.

8. Салауатты өмір салтын қалыптастыру және мектеп жасындағы қыз балалардың арасындағы ерте жүктіліктің алдын алу мақсатында 5 қазан күні 7-8-9 класс оқушыларына «Ерте жүктіліктің алдын алу және репродуктивті денсаулығы туралы» тақырыбында кездесу өткізілді. Кездесуге АО КДЦ акушерлік гинеколог Жаманова Айгерім Бауыржанқызы, АО КДЦ психолог маманы Жексенбі Жанаргүл Мунайбайқызы, мектеп инспекторлары Г.Каримсакова А.Омарова қатысты.

9. 06 қазан күні мектебімізде 10-11 класс оқушыларына Ақтөбе көлік прокуратурасы аға прокуроры Назар Аяжан Бексұлтанқызы мен Ақтөбе қаласы ЖПБ Әкімшілік полиция бөлімшесінің аға инспекторы полиция аға лейтенанты Тойманов Амандық Қонысбайұлының қатысуымен кездесу өтті. Оқушылардың өмір қауіпсіздігі соның ішінде “Теміржол қауіпсіздігі”, “Суық қаруды, оқ дәрілерді, жарылғыш заттарды қолданбау” тақырыбында дәріс өткізді.



**ҚҰҚЫҚБҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУЫ**

10. 2023 жылдың 14 қараша күні оқушылар арасында радикалды идеологияға қарсы тұрақты иммунитет қалыптастыру және деструктивті идеологияның таралуына жол бермеу мақсатында “Ақтөбе қаласының ішкі саясат бөлімі”ММ, “Дін мәселелері және қоғаммен байланыс жөніндегі орталығы” КММ-нің теолог маманы Кадирханова Жұлдыз Замирқызының қатысуымен 9-10-11 класс оқушыларымен кездесу өтті.

11. 2023 жылдың 21 қараша күні мектебімізде "Жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын алу" тақырыбында мектеп инспекторы А.Омарованың қатысуымен түсіндіру профилактикалық шарасы өтті.

Оқушыларға мектептің ішкі тәртіп ережесі, бопсалаушылықты болдырмау, қоғамдық жерде тәртіпті сақтау, электронды темекені қолданбау, кешкі мезгілде себепсіз жүрмеу туралы мәселелер түсіндірілді.

12. 22 қараша күні 11 класс оқушыларына Ақтөбе станциясындағы желілі полиция бөлімі әкімшілік полиция бөлімшесінің аға инспекторы, полиция аға лейтенанты А.Тайманов және есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл бөлімшесінің жедел уәкілі полиция лейтенанты Н.Қапан "Есірткі тасымалын болдырмау және қолданбау" тақырыбы бойынша профилактикалық түсіндірме жұмысын, ескерту шараларын жүргізді.

13. Қысқы демалыс алдында оқушыларға қауіпсіздік ережелері туралы ескертіліп, қолхат алынды.

**Қалалық тіркеуде оқушы жоқ.**



## Оқушылардың бос уақытын ұйымдастыру мақсатында мектепшілік үйірмелер



## «ТҮМАР» БИ ТОБЫ ҮЙРМЕСІ



## «БАДАУРЕН» ХОР ҰЖЫМЫ





